МАГИСТРАНТТЫҢ / ДОКТОРАНТТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПРАКТИКАСЫ ПОРТФОЛИОСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

Магистрант / докторант үшін негізгі қызмет түрлері:

1) білім алушылармен оқу-тәрбие жұмысы;
2) әдістемелік жұмыс;
3) ғылыми-зерттеу жұмысы;
4) психологиялық-диагностикалық жұмыс;
5) қоғамдық және басқа да жұмыстар.

Магистрант / докторант жүргізеді:

• **оқу жұмысы:** курстың жетекші оқытушылары мен магистранттардың, докторанттардың сабақтарына қатысу (кемінде 4 сабақ); сабақтарды жоспарлау және өткізу, оның ішінде 4 бақылау (оның ішінде 2 дәріс, 2 практика); пән бойынша аудиториядан тыс жұмыстар жүргізу (презентациялар дайындау, үлестіру материалдары, сабақ жоспарлары және т. б.);

• **әдістемелік жұмыс:** мектеп оқытушыларымен бірлесіп, сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың, мектептің ғылыми кеңестерінің отырыстарына, магистранттардың, докторанттар мен оқытушылардың сабақтарын талқылау мен талдауға қатысады; мектептің оқу сабақтарының кестесіне, оқу жоспарына, білім беру бағдарламасына, мектеп жұмыс жоспарына талдау жүргізеді;

• **білім алушылармен аудиториядан тыс жұмыс**: психологиялық-педагогикалық зерттеу және білім алушылар тобының ұжымына мінездеме жасау, білім алушылар тобын олардың оқу қызметінің анықталған проблемалары мен тәр-бие деңгейі бойынша психологиялық сүйемелдеу бағдарламасын әзірлеу, бір (тренинг, конкурс, іскерлік ойын және т. б.) тәрбие ісшарасын дайындау және өткізу, жатақханаларға бару, жеке консультациялар және т. б.

Магистрант / докторант педагогикалық практикасы бойынша есепті құжаттамада:

1) оқу-тәрбие жұмысы туралы есеп;
2) өткізілген сабақтың конспектісі;
3) қатысқан бір сабақты талдау;
4) білім алушылар ұжымының/ топтың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы;
5) тәрбие іс-шарасын әдістемелік әзірлеу.